



БЕКІТІМІН
«Абай атындағы №2 мектеп-лицейі»
КММ директоры

Оңтүстік

Е.С. Мейрбекова

2024 ж.

Абай атындағы №2 мектеп-лицейінің Психологиялық қызметінің ЕРЕЖЕСІ

1. Жалпы қағида

1. Осы Ережелер орта білім беру үйымдарындағы Психологиялық қызметтің (бұдан әрі – Психологиялық қызмет) жұмысын реттейді.

Психологиялық қызметтің жұмысы Казакстан Республикасының Конституциясына, Қазакстан Республикасының 2007 жылғы 27 шілдедегі «Білім туралы» Занына, «Бала құқықтары туралы конвенцияга», «Орта білім беру үйымдарындағы психологиялық қызметтің жұмыс істеу қағидаларын бекіту туралы» Казакстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің м.а. 2022 жылғы 25 тамыздағы № 377 бұйрығына, сондай-ақ осы Ережелер аясында жүзеге асырылады.

2. Орта білім беру үйымдарында психологиялық қызмет – білім беру үйымдарының алкалы органды болып табылады.

3. Психологиялық қызмет білім алушылар мен тәрбиленушілердің оку іс-әрекетінің білім беру уәждемесін, үлгерімін, шыгармашылық өзін-өзі іске асыруын калыптастыру, психологиялық жай-күйін тұрақтандыру, бейінді өзін-өзі айқындау және басқа да колайлы жағдайларды бойынша орта білім беру үйымының алкалы органды болып табылады.

Психологиялық қызметтің жұмысы білім беру қызметіндегі қындықтарды анықтауга және диагностикалауда, консультация беруге, білім беру ортасы жағдайында психологиялық-педагогикалық сүйемелдеу мен колдау көрсетуге, білім алушылардың, тәрбиленушілердің, педагогтердің, ата-аналардың немесе өзге де занды өкілдердің психологиялық салауаттылығын сактау және ныгайтуға бағытталған.

4. Психологиялық қызметтің жұмысы:

1) бастауыш білім беру деңгейінде – әрбір білім алушының бейімделуі және шыгармашылық кабілеттерін калыптастыру кезінде танымдық және оку уәждемесін, дербестігін және өзін-өзі реттеуді дамытуда колдау көрсету;

2) негізгі орта білім беру деңгейінде - оқытудың жана жағдайларына бейімделу, білім алушылар мен тәрбиленушілердің танымдық және оку іс-әрекетін дамыту, жеке және құндылық-магыналық өзін-өзі дамыту және өзін-өзі тану міндеттерін шешуде колдау көрсету, танымдық процестерге тұрақтылықты калыптастыру;

3) жалпы орта білім беру деңгейінде – білім алушы мен тәрбиленушіге өзін-өзі анықтауга және жеке сәйкестілікке, бейінді бағдарлануға көмек

көрсету, мақсат қою және дербес шешімдер қабылдау қабілетін дамытуға, орнықты дүниетанымды қалыптастыруға жәрдемдесу болып табылады.

4. Психологиялық қызметтің жұмысын орта білім беру үйымының басшысы қамтамасыз етеді.

5. Психологиялық қызметтің құрылымы, мамандар құрамы, жылдық жоспары орта білім беру үйымының типімен, түрімен және міндеттерімен айқындалады.

6. Орта білім беру үйымындағы психологиялық қызметтің құрамына орта білім беру үйымы басшысының (директордың) орынбасары, педагог— психолог (штаттық кестеге сәйкес), әлеуметтік педагог кіреді.

7. Психологиялық қызметтің құрамы орта білім беру үйымы басшысының бүйрығымен реттеледі және бекітіледі.

8. Сынып жетекшілері, пән мұғалімдері, медицина қызметкері білім алушыларды психологиялық-педагогикалық қолдау процесіне қатысады және лауазымдық міндеттеріне сәйкес ата-аналармен және өзге де заңды өкілдермен өзара іс-қимыл жасайды.

9. Психологиялық-педагогикалық сүйемелдеуді қамтамасыз ететін мамандардың лауазымдық міндеттері "Педагог лауазымдарының үлгілік біліктілік сипаттамаларын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2009 жылғы 13 шілдедегі № 338 бүйрығына (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 5750 болып тіркелген) сәйкес жүзеге асырылады.

2. Психологиялық қызметтің мақсаты мен міндеттері

10. Психологиялық қызметтің мақсаты — білім алушыларды табысты оқыту, дамыту, әлеуметтендіру және кәсіби білім беру траекториясын саналы таңдауды қалыптастыру үшін психологиялық-педагогикалық және әлеуметтік жағдайлар жасауға бағытталған психологиялық-педагогикалық сүйемелдеуді жүйелі үйымдастыру.

11. Психологиялық қызметтің міндеттері:

1) Оқыту процесінде білім алушылар мен тәрбиленушілердің даму жағдайын психологиялық-педагогикалық талдау, негізгі проблемалар мен олардың туындау себептерін анықтау, оларды шешу құралдарын айқындау, сондай-ақ ұжымның педагогикалық қызметі үшін қауіпсіз орта құру;

2) оқу процесінде баланың психологиялық-педагогикалық мәртебесін және оның психологиялық даму динамикасын мониторингтеу; білім алушылар мен тәрбиленушілердің оқу қызметін дараландыруға жәрдемдесу;

3) білім алушылардың жеке ерекшеліктері мен ерекше қажеттіліктерін ескере отырып, оқыту нәтижелеріне қойылатын мемлекеттік жалпыға міндетті білім беру стандартының талаптарын орындауга жәрдемдесу болып табылады;

4) әлеуметтік қауіпсіздік, психологиялық денсаулық проблемаларын және деструктивті мінез-құлыштың нысандарының алдын алуға, білім алушылар мен тәрбиленушілерді бейімдеу, оқыту және тәрбиелеу қыындықтарына бағытталған жеке дамыту және түзету-дамыту бағдарламаларын әзірлеу және енгізу;

5) білім алушылар мен тәрбиеленушілерде жаңа әлеуметтік тәжірибелі саналы және белсенді түрде беру жолымен өзін-өзі дамыту мен өзін-өзі жетілдіруге оқу дағдыларын қалыптастыру және қабілеттерін дамытуға жәрдемдесу болып табылады;

6) білім беру процесіне қатысушыларға білім беру процесіне қатысушылардың жеке құқықтарына нұқсан келтірмей, өзара көмек, эмпатия, жауапкершілік, өзіне сенімділік, шешім қабылдау қабілеті, белсенді әлеуметтік өзара іс-қимыл қағидаттарын тәрбиелеу мен қалыптастыруға жәрдемдесу;

7) білім беру ұйымының психологиялық-педагогикалық, әлеуметтік қолдау саласындағы ғылыми және практикаға бағытталған жетістіктерін тарату және практикаға енгізу болып табылады;

8) білім алушылар мен тәрбиеленушілердің жеке мүмкіндіктері мен ерекше қажеттіліктерін ескере отырып, оларды әлеуметтендірудің тиімді жағдайларын жасау үшін білім беру процесіне қатысушыларға психологиялық-педагогикалық қолдау көрсететін педагогтар мен мамандардың пәнаралық, командалық өзара іс-қимылын қамтамасыз ету;

9) білім беру ұйымының алқалы органдарымен және білім беру, денсаулық сақтау, қоғамдық, әлеуметтік қорғау, Ішкі істер мұдделі органдарымен өзара іс-қимыл жасау.

4-тaraу. Білім беру ұйымы Психологиялық қызметі мамандарының негізгі функционалдық міндеттері

12. Психологиялық қызмет мамандарының негізгі функционалдық міндеттері тәмендегілерді қамтиды:

Психологиялық қызметтің жұмысындағы орта білім беру ұйымының басшысы:

1) психологиялық қызметтің жұмысы туралы бұйрық шығарады және білім алушылар мен тәрбиеленушілерді психологиялық-педагогикалық, әлеуметтік сүйемелдеудің оқу жылына арналған жұмыс жоспарын бекітеді;

2) психологиялық қызметтің құрамына кіретін мамандардың құрамын және лауазымдық міндеттерін бекітеді;

3) психологиялық қызметтің құрамына кіретін мамандардың біліктілігін арттыру үшін жағдайларды қамтамасыз етеді;

4) психологиялық қызметтің құрамына кіретін мамандардың жұмысы туралы талдамалық есепті тыңдайды және бекітеді;

5) білім алушылар мен тәрбиеленушілерді, ата-аналарды және өзге де заңды өкілдерді тәрбиелеу мен дамыту мәселелерінде психологиялық-педагогикалық, әлеуметтік сүйемелдеуді қамтамасыз етеді.

6) ерекше білім беру қажеттіліктерін бағалау немесе психологиялық-медициналық-педагогикалық консультациялардың ұсынымдары негізінде білім беру ұйымының басшысы психологиялық-педагогикалық, әлеуметтік сүйемелдеуге мұқтаж білім алушылар мен тәрбиеленушілердің тізімін, жеке оқу жоспарларын, жеке-дара дамытатын жеке/бейімделген оқу бағдарламаларын қамтитын ерекше білім берілуіне қажеттілігі бар адамдарды (балаларды) психологиялық-педагогикалық сүйемелдеудің жеке бағдарламаларын,

мамандардың бағдарламаларын бекітеді.

Психологиялық қызмет жұмысындағы орта білім беру үйымы басшысының орынбасары:

1) білім алушылар мен тәрбиеленушілерді психологиялық-педагогикалық және әлеуметтік сүйемелдеу бойынша психологиялық қызметтің жұмысын ұйымдастырады, білім беру процесінде диагностикалық іс-шараларды өткізу уақыты мен орын айқындайды;

2) білім алушылар мен тәрбиеленушілерді сүйемелдеу нәтижелерінің, әлеуметтендіру динамикасының, дамуының және оку жетістіктерінің тиімділігіне мониторинг жүргізеді;

3) психологиялық қызметтің мұдделі мемлекеттік органдармен және ұйымдармен, қоғамдық және құқық қорғау органдарының өкілдерімен, ата-аналар жұртшылығының, қамқоршылық кеңестің өкілдерімен өзара іс-қимылын үйлестіреді.

Психологиялық қызмет жұмысындағы педагог-психолог:

1) оку жылына арналған жұмыс жоспарына және оку жылының басында ата-аналар жиналысының хаттамасымен рәсімделген ата-аналардың немесе өзге де занды өкілдердің келісіміне сәйкес білім алушылар мен тәрбиеленушілердің жағдайына психологиялық-педагогикалық диагностика жүргізеді;

2) бақылау, тереңдетілген тексеру, ата-аналардан немесе өзге де занды өкілдерден алғынған мәліметтер, психологиялық қызмет және психологиялық-медициналық-педагогикалық консультация мамандарының қорытындылары мен ұсынымдарын зерделеу негізінде білім алушылар мен тәрбиеленушілердің ерекше білім беру қажеттіліктерін анықтайды және бағалайды;

3) орта білім беру ұйымдарындағы психологиялық қызметтің жұмыс істеу қағидаларының 14-тармағының 3) тармақшасына сәйкес мінез-құлық және эмоционалдық проблемалар, деструктивті мінез-құлық нысандары, отбасындағы тәрбиенің және бала-ата-ана қатынастарының бұзылуы, ақпараттық ортаның теріс әсерлері тәуекелдері туындаған кезде ата-аналарды және білім беру ұйымының әкімшілігін хабардар етеді

4) әкімшіліктің сұрауы және ата-аналардың немесе басқа занды өкілдердің келісімі негізінде білім алушы мен тәрбиеленушінің тұлғасына психологиялық зерттеу жүргізеді, баланың психоэмоциялық жағдайына баға береді және қажет болған жағдайда уақыты психологиялық көмек көрсету мақсатында жеке-дамыту сабактарын өткізеді;

5) білім беру процесіне қатысуышылармен психологиялық-педагогикалық құзыреттілікті арттыру бойынша іс-шаралар өткізуге қатысады және білім алушылар мен тәрбиеленушілерді оқытудың, дамыту мен әлеуметтендірудің тиімді тәсілдерін, әдістері мен технологияларын енгізуге жәрдемдеседі;

6) білім алушылар мен тәрбиеленушілердің деструктивті мінез-құлқының туындауының алдын алуға қатысады және қажет болған жағдайда тәрбиелеу, оқыту, дамыту және әлеуметтендіру мәселелерінде көмек көрсету бойынша білім беру процесіне қатысуышыларға ұсынымдар әзірлейді;

7) сұраныс бойынша сынып жетекшісімен бірлесіп психологиялық-педагогикалық сипаттамалар мен психологиялық зерттеулер материалдары

бойынша қорытындылар жасайды;

8) білім алушылар мен тәрбиеленушілерді оқыту, дамыту, тәрбиелеу және әлеуметтендіру мәселелері бойынша білім беру процесіне қатысушыларға консультациялық көмек көрсетеді.

9)ғылыми негізделген әдістемелер мен технологияларды пайдалана отырып, білім алушылармен тәрбиеленушілермен диагностикалық, жеке консультациялық, дамытушылық жұмыстың нысандары мен әдістерін айқындайды;

10) білім алушылар мен тәрбиеленушілердің психологиялық жай-күйінің өзгеру динамикасына мониторинг жүргізеді.

Психологиялық қызмет жұмысындағы әлеуметтік педагог:

1) жеке тұлғаның психологиялық-медициналық-педагогикалық ерекшеліктерін және оның микроорталарын, әлеуметтік өмір сүру жағдайларын зерделейді, білім алушылардың, тәрбиеленушілердің мұдделері мен қажеттіліктерін, проблемаларын, жанжалды жағдайларын, мінез-құлқының бұзылуын анықтайды және оларға әлеуметтік көмек пен қолдауды уақтылы көрсетеді;

2) әлеуметтік-педагогикалық жұмыстың міндеттерін, нысандарын, әдістерін, білім алушы мен тәрбиеленушінің жеке және әлеуметтік проблемаларын шешу тәсілдерін айқындайды, білім алушылардың, тәрбиеленушілердің жеке басының құқықтары мен бостандықтарын іске асыруда әлеуметтік қорғау және әлеуметтік көмек бойынша шаралар қабылдайды;

3) білім алушылар, тәрбиеленушілер, отбасы және үйым, әртүрлі әлеуметтік қызметтердің, ведомстволар мен әкімшілік органдардың мамандары арасында дәнекер болады;

4) білім алушылар, тәрбиеленушілер және мемлекеттік, қоғамдық үйымдар мен әлеуметтік қызметтің өкілдері арасындағы байланысты қамтамасыз етеді;

5) білім алушылар мен тәрбиеленушілерді оқытуды, тәрбиелеуді, әлеуметтендіруді үйимдастыру мәселелері бойынша педагогтермен, ата-аналармен және өзге де заңды өкілдермен өзара іс-әрекет жасайды;

6) отбасында және білім беру үйимында бала құқықтарының сақталуын бақылауды жүзеге асырады.

Психологиялық қызметтің жұмысындағы сынып жетекші:

1) "Мектеп -Білім алушы-ата-ана"жүйесінде өзара іс-әрекетті жүзеге асырады;

2) білім алушылар мен тәрбиеленушілердің жеке ерекшеліктерін зерделейді;

3) психологпен бірге ата-аналарға оқу жылына психологиялық диагностика жүргізу жоспарын жеткізеді, ақпараттандырылған келісім хаттамасын рәсімдейді;

4) психологиялық диагностиканың уақтылы жүргізілуіне, оның ішінде сынып сағаттарының жылдық жоспарына ықпал етеді; ата-аналар жиналыстарында кейінгі рефлексия мен жалпыланған нәтижелерді ұсынуды үйимдастырады;

5) білім алушылар мен тәрбиеленушілердің үлгерімі мен жалпы даму динамикасының жай-күйін талдауды жүзеге асырады;

6) білім алушылар мен тәрбиеленушілер арасындағы тұлғааралық қарым-қатынастарды реттейді;

7) сиынп ұжымында жалпы қолайлы психологиялық климатқа ықпал етеді;

8) білім алушылар мен тәрбиеленушілерге коммуникативтік қасиеттерді қалыптастыруға көмек көрсетеді;

9) білім беру процесіне қатысушылар арасындағы ынтымақтастыққа жәрдемдеседі;

10) сиынп оқушылары мен тәрбиеленушілерінің үлгерімін, сабаққа қатысуын, сыртқы түрін, эмоционалды-психологиялық жағдайын бақылауды жүзеге асырады.

Психологиялық қызметтің жұмысындағы пән-педагогтер:

1) білім алушылар мен тәрбиеленушілердің жеке мүмкіндіктері мен ерекше қажеттіліктерін ескере отырып, жеке оқу жоспарлары мен бағдарламаларын жасайды;

2) білім алушы мен тәрбиеленушінің оқу нәтижелерін (жетістіктерін) бағалау тәсілдерін түзетуді, оның жеке мүмкіндіктері мен ерекше қажеттіліктеріне сәйкес бағалау өлшем шарттары мен бақылау тапсырмаларының сәйкестігін қамтамасыз етеді;

3) оқытудың вариативті, арнайы және балама әдістері мен технологияларын қолданады.

3-тарау. Психологиялық қызметтің жұмыс істеу тәртібі

13. Психологиялық қызметтің жұмыс істеу тәртібі:

1) бақылау, әңгімелесу, диагностика жүргізу, сондай-ақ білім алушылар мен тәрбиеленушілерден, ата-аналардан немесе өзге де занды өкілдер мен педагогтерден (бұдан әрі - білім беру процесіне қатысушылар) келіп түскен ауызша немесе жазбаша өтініштер (сұрау салулар) талдау арқылы білім алушылар мен тәрбиеленушілерді оқытудағы, дамыту мен тәрбиелеудегі қындықтарды анықтау;

2) білім алушылар мен тәрбиеленушілерге жеке немесе топтық әлеуметтік және психологиялық-педагогикалық қолдау көрсету;

3) білім алушылар және тәрбиеленушілермен, педагогтармен және ата-аналармен немесе өзге де занды өкілдермен өзара іс-қимылдың интерактивті нысандарын қоса алғанда, психологиялық-педагогикалық сүйемелдеу жөніндегі іс-шараларды, педагогикалық кеңестер, семинарлар мен конференциялар ұйымдастыру және өткізу;

4) әлеуметтік және психологиялық-педагогикалық сүйемелдеуді қамтамасыз ететін педагогтер мен мамандардың пәнаралық өзара іс-қимылын жүзеге асыру;

5) білім алушылар мен тәрбиеленушілердің табысты әлеуметтенуі, кәсіби бағыттылығын, бейіндік оқу траекториясы мен жеке білім беру кеңістігін саналы таңдауына жағдай жасауды қамтиды.

14. Психологиялық қызметтің жұмысы:

- 1) кәсіптік әдепті сақтауды;
- 2) баланың жеке басына эмпатия және құрмет көрсетуді;
- 3) білім алушы мен тәрбиеленушінің жеке және жас ерекшеліктерін;
- 4) психологиялық және педагогикалық білімді интеграциялауды;
- 5) баланың құқықтары мен мұдделерін сақтай отырып, ақпараттың құпиялылығын;
- 6) білім алушылардың, тәрбиеленушілердің, ата-аналардың немесе өзге де заңды өкілдердің, педагогтердің денсаулығына, ар-намысы мен қадір-қасиетіне зиян келтіру мүмкіндігін болғызыбауды;
- 7) білім алушылар мен тәрбиеленушілерді білім беру процесінде сүйемелдеудің ғылыми, кешенділігін, бірізділігін, кезенділігін және үздіксіздігін ескере отырып жүзеге асырылады.

15. Педагог-психолог өз қызметтің диагностикалық, консультациялық, дамытушылық (түзету), психологиялық-педагогикалық ағарту және ұйымдастыру-әдістемелік бағыттар бойынша жүзеге асырады:

1) диагностикалық бағыт оқытуудың бүкіл кезеңі ішінде білім алушылар мен тәрбиеленушілердің жеке және топтық қызметтін, психологиялық-педагогикалық зерделеуін, олардың жеке ерекшеліктері мен бейімділіктерін, оқыту және тәрбиелеу процесінде, өзін-өзі кәсіптік тұрғыдан айқындауда әлеуетті мүмкіндіктерін айқындауды, сондай-ақ оқытудағы, дамудағы, әлеуметтік бейімделудегі бұзушылықтардың себептері мен тетіктерін анықтауды көздейді.

2) консультациялық бағыт білім беру процесіне қатысушыларға көмек көрсету нысанында: олардың туындаған қындықтардың табигатын немесе себептерін түсінуінде, психологиялық проблемаларды талдау мен шешуде, жеке ерекшеліктерін айқындауда, жаңа әлеуметтік тәжірибелі саналы және белсенді тұрде игеруге жәрдемдесуде; жаңа көзқарастарды қалыптастыруды және өз шешімдерін қабылдауда көмек көрсету; әртүрлі психологиялық мәселелерді шешуде; білім беру процесіне қатысушыларға тұлғааралық қатынастардағы, өзін-өзі тану мен өзін-өзі дамытудағы қындықтарға байланысты проблемаларды шешуде жеке және топтық қызметті көздейді;

3) дамытушы (түзету) бағыт білім алушылармен және тәрбиеленушілермен жаңа білімге, дағылар мен икемдерге қатысты уәждемені қалыптастыру, оларды игеру мүмкіндіктері, оқу және танымдық қызметте өзін-өзі көрсете алу мүмкіндіктері бойынша жеке жұмысты көздейді. Диагностика процесінде анықталған оқу қындықтары мен баланың мінез-құлқындағы проблема; педагог-психологтың пән педагогтерімен, әлеуметтік және арнайы педагогтармен кешенді өзара іс-қимылды негізінде оқу материалын менгерудегі қындықтарды жену, ерекше білім беруді қажет ететін білім алушылар мен тәрбиеленушілердің психикалық және (немесе) физикалық жай-күйін түзету бойынша жұмысты ұйымдастыруды қамтиды ;

4) психологиялық-педагогикалық ағарту ісі білім алушылар мен тәрбиеленушілердің, педагогтердің жеке кәсіби өсуіне, өзін-өзі анықтауына жәрдемдесуді; білім алушылар мен тәрбиеленушілерді оқытудағы, тәрбиелеу

мен дамытудағы қындықтарды болдырмау мақсатында алдағы уақытты алатын білімдерін одан әрі пайдалану үшін педагогтердің, ата-аналардың және өзге де занды өкілдердің психологиялық-педагогикалық білімге деген қажеттілігін қалыптастыруды және ұмтылышын қолдауды көздейді (сынып сағаттары, семинарлар, ата-аналар жиналыстары, педагогикалық кеңестер, ата-аналар мен өзге де занды өкілдер үшін интерактивті әдістер мен лекториялар өткізу);

5) ұйымдастыру-әдістемелік бағыт ұйымдастыру-әдістемелік және ғылыми-әдістемелік жұмыс жүргізуді көздейді: білім беру және дамыту ортасының жағдайына мониторинг жүргізу, әлеуметтік, психологиялық-педагогикалық қолдау нәтижелерін талдау және оны сүйемелдеу бойынша ұсынымдар әзірлеу, білім алушылар мен тәрбиеленушілерді сүйемелдеуде пәнаралық тәсілді әзірлеу; орта білім беру ұйымдарында психологиялық-педагогикалық, әлеуметтік сүйемелдеу бойынша отандық және шетелдік ғылым мен практиканың жетістіктерін зерделеу, семинар-практикумдарға, конференцияларға қатысу; білім алушылар мен тәрбиеленушілерді психологиялық-педагогикалық және әлеуметтік сүйемелдеу технологияларын меңгеру бойынша семинарлар, тренингтер мен консультациялар ұйымдастыру және өткізуді көздейді.

16. Білім алушылардың ерекше білім алу қажеттіліктерін бағалау "Ерекше білім беру қажеттіліктерін бағалау қағидаларын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2022 жылғы 12 қантардағы № 4 бұйрығына (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 26618 болып тіркелген) сәйкес жүзеге асырылады.

Ерекше білім беруді қажет ететін білім алушыларды психологиялық-педагогикалық сүйемелдеу "Білім беру ұйымдарында психологиялық-педагогикалық сүйемелдеу қағидаларын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2022 жылғы 12 қантардағы № 6 бұйрығына (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 26513 болып тіркелген) сәйкес жүзеге асырылады.

17. Психологиялық қызметтің құрамына кіретін мамандардың қызметін ұйымдастыру үшін "Мектепке дейінгі, орта білім беру ұйымдарын, сондай-ақ арнайы білім беру ұйымдарын жабдықтармен және жиһазбен жарақтандыру нормаларын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2016 жылғы 22 қантардағы № 70 бұйрығына (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 13272 болып тіркелген) сәйкес жабдықтармен және жиһазбен жарақтандырылған кабинеттер беріледі.

18. Психологиялық қызметтің құрамына кіретін мамандар "Орта, техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім беру ұйымдары педагогтарының жүргізуі үшін міндетті құжаттардың тізбесін және олардың нысандарын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2020 жылғы 6 сәуірдегі №130 бұйрығына (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 20317 болып тіркелген) сәйкес есепке алу құжаттамасын жүргізеді.

19. Білім алушылармен және тәрбиеленушілермен психологиялық

диагностика, консультация беру және тренингтер (топтық, жеке) ата-аналарының немесе өзге де занды өкілдерінің жазбаша келісімімен жүргізіледі.

Ата-аналарды немесе өзге де занды өкілдерді психологиялық-педагогикалық сүйемелдеу жөніндегі жұмыс жоспарлары туралы хабардар ету 1-қосымшаға сәйкес оқу жылының басында сыныптың (топтың) ата-аналар жиналысының хаттамасымен ресімделеді.

Психологиялық-педагогикалық сүйемелдеу шенберінде жеке жұмыс жүргізуға ата-аналардың келісімі 2-қосымшаға сәйкес ресімделеді.

Бас тартқан жағдайда, ата-ана немесе өзге де занды өкіл еркін нысанда бастарту туралы өтініш береді.

20. Білім алушылар психологиялық-педагогикалық сүйемелдеуді жүзеге асыратын мамандарға жүгіну кезінде:

1) білім алушы өз қалауы бойынша сынып жетекшісіне, педагог-психологқа, әлеуметтік педагогке, пән мұғаліміне, орта білім беру ұйымының әкімшілігіне өзінің жеке жағдайына, мінезд-құлқына, оқыту, тәрбиелеу және дамыту процесінде өзіне қатысты туындастырын қындықтарға, сондай-ақ оның әлеуметтік немесе психологиялық салауаттылығы мен деңсаулығына зиян келтіретін, оның құқықтары мен мұдделерінің бұзылу жағдайына қатысты мәселе бойынша жазбаша не ауызша жүргінеді;

2) білім алушының өтінішін психологиялық қызмет мамандары тіркейді және қарайды;

3) педагог-психолог ата-аналармен немесе өзге де занды өкілдерімен психологиялық-педагогикалық диагностика жүргізу, консультация беру және түзету бойынша білім алушы мен тәрбиеленушінің психологиялық саулығын қалпына келтіру үшін қажетті психологиялық көмек көрсету және жүргізу кестесін, форматын жазбаша келіседі;

4) жүргізілген диагностикалық жұмыстың қорытындысы бойынша педагог-психолог орын алған жағдайдың себебін анықтайды, психологиялық-педагогикалық қорытынды шығарады және ұсынымдар әзірлейді, психологиялық-педагогикалық сүйемелдеу мамандарымен бірлесіп, орта білім беру ұйымдарының бірінші басшысы бекітетін жеке жұмыс жоспарын дайындаиды.

5) жеке жоспардың ұсынымдары мен бағдарламаларын орындау белгіленген кестеге сәйкес жүзеге асырылады;

21. Ата-аналар немесе өзге де занды өкілдер психологиялық-педагогикалық сүйемелдеуді қамтамасыз ететін мамандарға жүгіну кезде:

1) ата-ана немесе өзге де занды өкіл білім алушының психологиялық жай-күйі, оны оқыту, дамыту және тәрбиелеу процесіндегі мінезд-құлқы мәселелері, бала-ата-ана қатынастарының проблемалары бойынша жазбаша немесе ауызша нысанда сынып жетекшісіне, педагог-психологқа, әлеуметтік педагогке, пән мұғаліміне, орта білім беру ұйымының әкімшілігіне өтініш жасайды;

2) ата-ана немесе баланың өзге де занды өкілдерінің өтінішін психологиялық қызметтің мамандары тіркейді және қарайды;

3) психологиялық қызметтің мамандары сынып жетекшісімен бірлесіп жағдайды зерделейді, орта білім беру ұйымының басшысын хабардар етеді

және психологиялық қызметтің негізгі жауапты маманын айқындайды;

4) алғашқы кездесуде педагог-психолог әңгімелесу жүргізеді, ата-ананы немесе өзге де занды өкілді тыңдай отырып, білім алушының жағдайы немесе мінез-құлқының пайда болу немесе өзгеру себептері туралы ұсынымды қалыптастырады, талап етілетін әлеуметтік, психологиялық-педагогикалық диагностиканың, консультация берудің, түзетудің, қолдаудың немесе сүйемелдеудің нысандары мен әдістерін айқындайды;

5) психологиялық қызметтің мамандары әлеуметтік немесе психологиялық-педагогикалық сүйемелдеудің жеке жоспарын жасайды, оны орта білім беру үйымының бірінші басшысы бекітеді;

6) әлеуметтік және психологиялық-педагогикалық сүйемелдеудің жеке жоспары 2 данада жасалады, оны ата-анасы немесе өзге де занды өкілі жазбаша түрде қуәландырады, олардың біреуі ата-анасына немесе өзге де занды өкіліне беріледі, екіншісі орта білім беру үйымында қалады;

7) психологиялық жағдайында немесе мінез-құлқында, құқықтық, әлеуметтік немесе отбасылық-тұрмыстық проблемалар тәуекелі анықталған кезде білім алушы тиісті бейіндегі мамандарға (денсаулық сақтау, ішкі істер, халықты әлеуметтік қорғау органдары мен үйымдары, кәмелетке толмағандардың істері және олардың құқықтарын қорғау жөніндегі комиссия) консультацияға жіберіледі.

22. Педагогтердің психологиялық қызметтерге жүгіну кезіндегі іс-қимыл тәртібі:

1) орта білім беру үйымдарының педагогтері білім алушылар мен тәрбиеленушілердің эмоционалды-еріктік, мінез-құлық тәуекелдері мен окуы мен дамуында қындықтар, сондай-ақ кәсіби тұрғыда шаршау кезінде өзіндік проблемалар анықталған кезде психологиялық қызмет маманына жазбаша немесе ауызша жүгінеді;

2) педагогтің өтінішін психологиялық қызмет мамандары тіркейді және қарайды;

3) психологиялық қызметтің мамандары жағдайды зерделейді, орта білім беру үйымының басшысын хабардар етеді және ол психологиялық қызметтің негізгі жауапты маманын айқындайды;

4) психологиялық қызметтің маманы әлеуметтік, психологиялық-педагогикалық қолдау көрсетудің нысандары мен әдістерін айқындайды.

23. Психологиялық-педагогикалық сүйемелдеуді қамтамасыз ететін мамандар білім алушылардың құқықтары мен мүдделерін ескере отырып, алынған деректердің құпиялылығын сақтайды.

23. Психологиялық-педагогикалық сүйемелдеуді қамтамасыз ететін педагогтер "Педагог мәртебесі туралы" Қазақстан Республикасы Заңының 15-бабының 10) тармақшасына сәйкес құқық қорғау органдарына және орта білім беру үйымының басшылығына Қылмыстық не әкімшілік құқық бұзушылық белгілері бар қылмыстық әрекеттерді кәмелетке толмағандардың жасауы немесе оларға қатысты жасалу фактілері, оның ішінде білім беру үйымындағы және (немесе) орта білім беру үйымдарынан тыс кәсіптік қызметпен байланысты өздеріне белгілі болған әрекеттер (әрекетсіздіктер) туралы

уақтылы жазбаша немесе ауызша хабарлайды.

24. Психологиялық қызмет мамандарының өзара әрекеттесу алгоритмі:

24-1. білім беру процесіне қатысушылардың жеке әлеуметтік-психологиялық және педагогикалық ерекшеліктерін бақылау:

1) педагог-психолог: орта білім беру ұйымы білім алушыларының психоэмоционалдық жағдайына психодиагностика жүргізеді (тек ата-анасының, қорғаншысының, қамқоршысының рұқсатымен);

2) әлеуметтік педагог: білім алушыларының табысты оқуына ықпал ете отырып, әлеуметтік жағдайлардың олардың критерийлеріне сәйкестігін бақылайды;

3) сынып жетекшісі: сыныптағы білім алушылардың психологиялық қызмет мамандарымен өзара әрекеттесуін қамтамасыз етеді, олардың оқу нәтижелерін, қызығушылықтары мен білім беру қажеттіліктерін, бейіндік бейімділіктерін, отбасындағы, құрдастарымен қарым-қатынасын, міnez-құлық ауытқуларын, жанжалдарды зерттейді;

4) медицина қызметкері: білім алушыларды профилактикалық тексеру жүргізеді, олардың ауру тарихын зерттейді, ауыстыру және бітіру емтихандарынан босату үшін денсаулығына байланысты мұқтаждарды анықтайды, анықтау мақсатында қоғамға жат міnez-құлық пен зорлық-

5) зомбылық фактілері бойынша жаракат алудың барлық жағдайларын есепке алужәне талдау бойынша жұмыс жүргізеді.

24-2. Білім алушылардың автоматтандырылған деректер қорын (база) қалыптастыру:

1) зерттеу нәтижелері электронды деректер базасына жүйеленеді;

2) мәліметтер қоры жүйелі түрде білім алушылардың даму динамикасын одан әрі зерттеу нәтижелерімен толықтырылады.

24-3. Диагностикалық зерттеулерді талдау және шараларды әзірлеу.

24-3-1. Психологиялық қызметтің әрбір маманы білім алушылар туралы жинақталған мәліметтерді жұмыс ерекшеліктеріне қарай талдайды:

1) білім алушының психологиялық жағдайы (педагог-психолог);

2) оқу үлгерімі және тәрбие мәселелері (сынып жетекшісі, пәнмұғалімдері);

3) қоғамдағы міnez-құлық және әлеуметтену (сынып жетекшісі, әлеуметтік педагог);

4) денсаулық (медициналық қызметкер);

5) отбасындағы өмір сүру жағдайлары және ата-аналармен (сынып жетекшісі, әлеуметтік педагог) жағымды қарым-қатынас сапасы.

24-3-2. Талдау нәтижелері аптасына бір рет өткізілетін психологиялық қызмет отырысына ұсынылады. Алқалы жында:

1) өмірлік қыын жағдайға тап болған кәмелетке толмағандардың тәуекел тобы болса, оларға қатысты оларды әлеуметтік-психологиялық қолдауга ерекше назар аудару қажет;

2) барлық білім алушылар мен тәуекел тобындағы білім алушыларды әлеуметтік-психологиялық және педагогикалық қолдау бойынша Психологиялық қызметтің барлық мамандары тарапынан іс-шаралар жоспары әзірленеді;

3) сынып жетекшілерге, мұғалімдерге, ата-аналарға, білім алушыларға психологиялық қолдау көрсету және қолайлы білім беру ортасын құру бойынша ұсыныстар әзірленеді;

4) қажет болған жағдайда жоспар білім алушылардың даму динамикасына қарай түзетіледі;

5) өмірлік қызын жағдайдағы білім алушының ата-анасымен жан-жақты өзара іс-әрекет жасауды қамтамасыз ететін жеке бағдарлама әзірлененеді.

24-4. Іс-шараларды жүзеге асыру:

1) іс-шаралар орта білім беру үйымының әкімшілігі әзірлеген және бекітетін жоспарға сәйкес жүзеге асырылады;

2) жүргізілген жұмыстың нәтижелері Психологиялық қызметтің отырыстарында баяндалады (апта сайын);

3) Психологиялық қызмет мәжілістерінде білім беру үйымы ортасының қауіпсіздігі және оны қамтамасыз етудегі әрбір маманның жауапкершілігі мәселелері де талқыланады.

25. Психологиялық қызмет отырыстарының қорытындысы оқу-тәрбие процесінің барлық қатысуышыларының (пән мұғалімдері, қосымша білім беру педагогтері, ата-аналар) назарына жеткізіледі және ұсыным жасалады.

26. Психологиялық қызметтің жоспардан тыс жиналыстары білім беру процесіне қатысуышылардың кез келгенінің, оның ішінде орта білім беру үйымы әкімшілігінің өтініші бойынша немесе ата-аналардың (оларды алмастыратын тұлғалардың) өтініші бойынша өткізіледі. Психологиялық қызметтің жоспардан тыс отырысының себебі білім алушының окуы мен дамуна әсер ететін жаңа жағдайлардың анықталуы немесе пайда болуы, оның психологиялық немесе әлеуметтік жағдайының асқынуы немесе нашарлауы болуы мүмкін. Мамандар мен ата-аналар сұраныстарының сипаты әртүрлі болуы мүмкін, бірақ кез келген жағдайда олар білім алушының (дамытудағы, окудағы және әлеуметтенудегі) немесе мұғалімнің, ата-ананың баламен қарым-қатынасындағы проблемаларын көрсетуі керек.

Психологиялық қызметтің жоспардан тыс отырысының бағыты:

1) баланы оқыту мен тәрбиелеудегі анықталған проблемаларды жою жөніндегі іс-шараларды үйымдастыру;

2) жұмыста және өзгерген жағдайда білім алушыны қолдауда жеке психологиялық-педагогикалық бағдарлама жоспарын жасау.

27. Психологиялық қызмет өз қызметтің психодиагностикалық, консультативтік, ағартушылық-профилактикалық, түзету-дамыту және әлеуметтік диспетчерлік бағытта жүзеге асырады.

27-1. Психодиагностикалық бағыт мыналарды қамтиды:

1) білім алушыларды бейімдеу, дамыту және әлеуметтендіру мақсатында оларды кешенді психологиялық тексеру;

2) психологиялық диагностика нәтижелері бойынша қорытындылар мен ұсыныстарды дайындау.

27-2. Консультациялық салаға мыналар кіреді:

1) білім алушыларга, ата-аналарға және мұғалімдерге олардың өтініші бойынша жеке кеңес жүргізу;

2) білім алушыларға, ата-аналарға және мұғалімдерге жеке, кәсіби өзін-өзі анықтау және басқалармен қарым-қатынас мәселелері бойынша топтық кенес жүргізу;

3) күйзеліс, жанжал, күшті эмоционалдық тәжірибе жағдайында білім алушыларға психологиялық көрсету;

4) тұлғааралық және топаралық жанжалдарды шешуде медиация жұмысын ұйымдастыру (татуласу қызметін ұйымдастыру).

27-3. Тәрбиелік-алдын алу бағыты мыналарды қамтиды:

1) білім алушылар мен педагогтердің кәсіби өсуіне, өзін-өзі анықтауына ықпал ету;

2) білім алушылардың асоциалды мінез-құлқының психологиялық алдын алу;

3) педагог қызметкерлерді аттестациялауды әлеуметтік-психологиялық қамтамасыз ету;

4) әдістемелік бірлестіктердің, педагогикалық кеңестің және медициналық-психологиялық және педагогикалық кеңестердің жұмысына жәрдемдесу.

27-4. Тұзету-дамыту бағыты мыналарды қамтиды:

1) тұлғалық өсу бойынша тренингтер өткізу;

2) білім алушылар мен педагогтердің тұлғалық, интеллектуалдық, эмоционалды-ерікті, шығармашылық дамуын үйлестіру үшін психокоррекциялық және дамытушылық сабактарды ұйымдастыру;

3) қайшылықты тұлғааралық қатынастарды тұзету.

27-5. Әлеуметтік диспетчерлік бағыт мыналарды қамтиды:

1) Психологиялық қызмет мамандарының функционалдық міндептерінен, кәсіби құзыретінен тыс және кең ауқымды мамандардың қатысуын талап ететін мәселелерді шешу үшін одақтас мамандармен (дәрігерлермен, дефектологтармен, логопедтермен, тифлопедагогтермен және басқалармен) өзара іс-әрекет жасау;

2) төтенше жағдайлар кезінде көмек көрсету үшін одақтас мамандармен және мұдделі органдармен өзара іс-әрекетті бақылау;

3) әлеуметтік-медициналық және психологиялық қызметтің базасын қалыптастыру;

28. Психологиялық қызметтің құрамы бекітілген құрылым, ұжым мүшелерін кеңейте алады, икемді және тұрақты және уақытша мүшелерді қамтуы мүмкін. Тұрақты қатысушылар психологиялық қызметтің әрбір отырысына қатысады, дайындыққа, ұсыныстардың орындалуын кейінгі бақылауға қатысады. Уақытша мүшелер қажетіне қарай қатысады (сынып жетекшілері, пән мұғалімдері, ата-аналар қоғамдастырының өкілдері).

29. Психологиялық қызмет педагог-психологтың, әлеуметтік педагогтың, директордың тәрбие ісі жөніндегі орынбасарының, кәмелетке толмағандардың істері жөніндегі инспектордың, медициналық қызметкердің жеке кабинеттерде орналасқан және іс-шараларды өткізу үшін қажетті жағдайлармен қамтамасыз етілген кабинеттері негізінде жұмыс істейді. Білім алушылармен және педагогикалық ұжыммен жеке немесе топтық форматтағы диагностикалық, дамытушылық, тұзету-профилактикалық жұмыс түрлерінің кешенін өзірлейді.

30. Психологиялық қызметтің жұмысы педагогикалық және медициналық қызметкерлермен, оның ішінде денсаулық сақтау жүйесімен, қорғанышылық және қамқоршылық органдарымен, ювеналдық полициямен, ата-аналар қоғамдастырымен тығыз байланыста жүзеге асырылады.

31. Білім беру үйымының Психологиялық қызметінің ведомствоаралық өзара іс-әрекеті

31-1. Психологиялық қызмет орта білім беру үйымынан тыс қызметтерден қажетті көмек алу қажеттілігі болған жағдайда қалалық, аудандық ювеналдық полиция органдарына, денсаулық сақтау органдарына, психикалық денсаулық орталықтарына жүгіну туралы шешім қабылдайды жәнетиісті өтінішпен мекеме әкімшілігіне жүгінеді.

31-2. Орта білім беру үйымы әкімшілігінің қаланың немесе ювеналды полициясы аудандық бөлімінің және денсаулық сақтау органдарының өкілдеріне өтініші – білім алушының ата-аналары және/немесе өкілдері міндетті түрде хабардар еткен жағдайда жүргізіледі:

1) білім беру үйымдарының педагогтерімен өзара әрекеттесуден, психологиялық мониторинг пен диагностика жүргізуде ата-ана мен педагогтің өзара жауапкершілігін қамтамасыз етуде ата-аналар З есе бас тартқан жағдайда;

2) білім беретін үйымдардағы білім алушысының қызын психологиялық немесе физикалық жай-күйі анықталған жағдайда, білім алушыға немесе жасөспірімге медициналық көмек көрсету және денсаулық сақтау органдарының қызметкерлеріне алғашқы медициналық немесе психиатриялық көмек көрсету қажеттілігі туралы хабарлау үшін жедел жәрдем шақыру қажеттілігінде;

3) зорлық-зомбылық, мінез-құлықтың аутодеструктивті нысандары, ерте жүктілік, білім алушылардың арасындағы жанжалдар және олардың отбасы мүшелері тарапынан құқық бұзушылық жағдайларында.

31-3. Психологиялық қызметтің ювеналдық полиция өкілдерімен өзара іс-қимылын қадағалау әлеуметтік педагогқа, денсаулық сақтау органдарының өкілдерімен – білім беру үйымының медицина қызметкеріне, психикалық денсаулық орталығымен-педагогикалық психологтерге жүктеледі.

31-4. Жедел жәрдем дәрігерінің, психикалық денсаулық орталығының қорытындысы немесе ювеналдық полиция өкілдерінің тексеруі негізінде білім алушының ата-анасына және/немесе өкілдеріне білім беру үйымының Психологиялық қызметі баланың жағдайының өзгеруі себебін анықтау мақсатында мониторинг жүргізеді.

31-5. Білім беру үйымының Психологиялық қызметі мониторинг нәтижелері бойынша тиісті түзету шараларын әзірлейді және жүзеге асырады.

31-6. Қаланың немесе ауданның ювеналдық полициясы аудандық бөлімінің және денсаулық сақтау органдарының, психикалық денсаулық орталығының өкілдері білім алушылармен және олардың ата-аналарымен қажетті іс-шараларды: талдау, емдеу, түзету және алдын алу шараларын жүргізеді.

31-7. Түзету шараларының тиімділігі Психологиялық қызмет мәжілістерінде талқыланады, одан әрі жоспарлар әзірленеді.

32. Психологиялық қызмет педагогикалық психологтардың әдістемелік

бірлестігімен, психологиялық орталықтармен, практикалық психологтардың кафедраларымен және бірлестіктерімен және білім бөлімдерінің әдістемелік кабинеттерімен өзара іс-әрекет жасайды.

33. Психологиялық қызмет өз қызметінде:

1) осы Ережені басшылыққа алады;

2) Психологиялық қызметке кіретін мамандардың кәсіби құзыреті мен біліктілік талаптары (Республика Білім және ғылым министрінің бұйрығымен бекітілген Педагог қызметкерлер және оларға теңестірілген адамдар лауазымдарының үлгілік біліктілік сипаттамалары) шеңберінде шешім қабылдайды. ҚР 2020.04.30 N 169 (өзгертулер енгізілді - 2009.07.13 N 338);

34. Психологиялық қызмет мамандарының істер номенклатурасы мыналарды көздейді:

Педагог-психолог үшін:

- нормативтік құқықтық актілердің тізбесі;
- жұмыс жоспары;
- есептер және аналитикалық анықтамалар;
- топтық және жеке жұмысты есепке алу журналдары;
- консультацияны есепке алу журналы;
- диагностикалық әдістердің тізімі;
- білім алушылармен, тәрбиеленушілермен немесе студенттермен жұмыс істеу бойынша құжаттар;
- ата-аналармен немесе өзге де занды өкілдерімен жұмыс жөніндегі құжаттар;
- педагогтармен жұмыс бойынша құжаттар.

Әлеуметтік педагог үшін:

- нормативтік құқықтық актілердің тізбесі, жұмыс жоспары;
- есептер және талдау анықтамалары, мектептің әлеуметтік паспорты;
- оқушылар туралы мәліметтер;
- білім алушылар мен тәрбиеленушілердің отбасыларымен жұмыс істеу жөніндегі құжаттар.

35. Психологиялық қызмет мамандарының құжаттамасы қағаз немесе электрондық форматта жүргізіледі.

36. Педагог-психологтар мен әлеуметтік педагогтерді олардың кәсіби міндеттері (сынып басшылығы, мектеп әкімшілігі мүшелерінің функциялары) шеңберінен шығатын жұмыс түрлеріне тартуға жол берілмейді.

37. Психологиялық қызметке әдістемелік басшылықты жергілікті атқарушы орган қамтамасыз етеді.

38. Психологиялық қызметтің мамандары:

1) диагностика нәтижелерінің сенімділігі, қолданылатын диагностикалық және түзету әдістерінің сәйкестігі, ұсынымдар мен қорытындылардың негізділігі, ақпараттың құпиялышының болуы;

2) Психологиялық қызметтің есепке алу және есеп беру құжаттамасын жүргізу және сақтау;

3) кәсіби этиканы сақтау;

4) Психологиялық қызметтің жұмысына сеніп тапсырылған материалдық-

техникалық құралдардың сақталуын қамтамасыз етеді.

39. Әкімшілік тарапы жағынан Психологиялық қызмет орта білім беру үйімінің басшысына, кәсіптік бағыты бойынша – ведомствоның сәйкес қызмет жұмысына жетекшілік ететін мамандарға (аудандық бөлімдер мен облыстық білім басқармасы, аудандық құқық қорғау және медициналық қызмет бөлімдері) бағынышты.

3. Қорытынды

40. Психологиялық қызмет жұмысын орта білім беру үйімінің басшысы қамтамасыз етеді.

**«Абай атындағы №2 мектеп-лицейі» КММ-де
психологиялық-педагогикалық сүйемелдеуді откізу туралы ата-
аналарды және өзге де занды өкілдерді хабардар ету формасы**

Білім беру қызметтерін көрсету туралы Шартқа сәйкес 2024-2025 оқу жылына арналған психологиялық-педагогикалық сүйемелдеу жөніндегі жұмыс жоспары туралы хабарлаймыз

Таныстым:

№ р/н	Ата-ананың аты-жөні, тегі (занды өкілі)	Баланың аты-жөні	Сынып, топ	қолы
1				
2				

2-қосымша

**«Абай атындағы №2
мектеп-лицейі» КММ
директоры**

**өтініш берушінің аты-
жөні, тегі**

**Оқушыға жеке психологиялық-педагогикалық сүйемелдеуді жүргізуге
ата-аналардың КЕЛІСІМІ**

Мен

ата-анасының (занды өкілінің) Т.А.Ә.

балам

оқушының Т.А.Ә., сыныбы
психологиялық сүйемелдеуге келісемін. Баланы психологиялық сүйемелдеу
мыналарды қамтиды: психологиялық диагностика; консультация беру;
тренингтер (жеке, топтық).

«_____» _____ 2024 ж.
Көлө _____